# Батыс Қазақстан облысы
# Қаратөбе ауданы
# Қоскөл ЖОББМ




**2014-2015 оқу жылы**



Тақырыбы:

“Ынта болса адамға,қиын іс жоқ ғаламда”

Бағыты:***Экономика және химия***

***Авторы :Ғазымова Айнара Мұратжанқызы***

***Жоба жетекшісі:Жұмақай Гүлмира Серікқызы***



- *БИЗНЕС-ЖОСПАРДЫҢ МАЗМҰНЫ*
  *І.Кіріспе «Еңбектің көзін тапқан, байлықтың көзін табады»*
  *ІІ. Негізгі бөлім ‘‘Еңбек деген байлық бар ерінбеген жететін,жоқшылық деген жебірді жермен жексен ететін’’*
  *1.Сүт өнімдері;*
  *2.Технология ;*
  *3.Пайдасы.*
  *ІІІ.Қорытынды:*
  *«Біз алар асу әлі алда»*




***Жоба мақсаты:*** *Сүт және қаймақ өндіру және оны сату болып табылады. Халықты табиғи таза өніммен қамтамасыз ету.Жоспарланған жобаның нысаналы тобы өнімдерді тұтынушы орташа табысы бар тұрғындар мен балабақша және мектеп ұжымы болып табылады.*

*Жобаның міндеттері:*

*жаңа жұмыс орындарын құру, бұл жұмысшылардың ұрақты пайда табуына мүмкіндік береді;*

*сүт және қаймақ өндіретін және сататын аңа кәсіпорын құру;*

*Қаратөбе ауданының бюджетіне салықтар мен сқа да аударымдардың түсуі.*

*Әлеуметтік әсерлердің арасында мыналарды бөліп рсетуге болады:*

*алықтың сүт өнімдеріне, атап айтқанда:қаймақ әне балқаймақ деген сұранысын қанағаттандыру.*



***Резюме***

*Жобаның тұжырымдамасы сүт және  қаймақ өндірісі кәсіпорынын құруды қарастырады.*

*Кәсіпорын қызметінің мақсаттары  сүт  және қаймақ  өндіру және оны сату болып табылады. Жоспарланған кәсіпорынның нысаналы тобы өнімдерді тұтынушы орташа табысы бар тұрғындар мен балабақша ұжымы  болып табылады.*

*Цех (өндірістік орын-жай), сондай-ақ  сүт  және  қаймақ және балқаймақ дайындау үшін сүтті қайта өңдеуге қажетті жабдықтар сатып алу жоспарлануда.*

## *Жобаны қаржыландыруды жоба бастамашысының бизнестің жол картасы 2020 бағдарламасы бойынша қарыз капиталы есебінен де жүзеге асыру жоспарлдануда.*

| ***Қаржыландыру көзі, млн теңге*** | ***Сомасы*** | ***Кезеңі*** | ***Үлесі*** |
|---|---|---|---|
| *Қарыз қаражаты* | *1000000* | *2015ж* | *100%* |





***Кіріспе***

***Сүт өнімін өндірушілер үшін нарық жағдайындағы қызмет маңызды проблемалармен және көптеген тәуекелдермен қатарлас келді. Аграрлық секторға дәстүрлі түрде ұлттық экономиканы дамытуда, яғни сүт өнімдері индустриясын дамытуда маңызды рөл берілгеніне қарамастан, бірінші кезекте кем дегенде сенімді шикізат базасы болуы тиіс, өндірушілердің өздері және талдаушылар саланың өсу қарқынының төмендегенін мойындап отыр және импорттың басымдық алуына алаңдаушылық білдіруде.***

***Бұл ретте сүт өнімдерінің бағасын демократиялы деп айтуға болмас, ауқаттылар санатына жатпайтын кейбір тұтынушылар бүгіннің өзінде сүзбені немесе, мысалы, қаймақты күнде сатып ала алмайды. Сонымен қатар, сүт өнімдерін тұтыну ұлт денсаулығының жай-күйіне тікелей әсер етеді және қоғамның салауаттылығы деңгейін көрсетеді.***

***Қазіргі әлемдік дағдарыс, әрине, сүт өнімдері нарығының жағдайына әсерін тигізді, алайда алдағы жылдары оларды тұтыну төмендемейді, қайта ұлғаятын болады деп болжайды талдамашылар.***

***Қазіргі уақытта сүт және қаймақ өндіретін цехтар ашудың болашағы зор, оның мынандай себептері бар:***

- ***біріншіден, Қазақстанда сүт өнімдерін тұтыну көлемі азаймайды;***
- ***екіншіден, сүт өнімдерін барлығы тұтынады, алайда барлық ұйым бірдей сапалы тауар ұсына алмайды;***
- ***үшіншіден, кәсіпорын халықты экологиялық таза өніммен жабдықтайтын болады.***

***1. Жобаның тұжырымдамасы***

***Жобаның тұжырымдамасысүт және қаймақ өнімдерін өндіретін цех ашуды қарастырады.***

***Кәсіпорын қызметінің мақсаттары сүт өнімдерін, соның ішінде қаймақ және балқаймақ өндіру және сату болып табылады.***

***Жоспарланған кәсіпорынның нысаналы тобы өнімдерді тұтынушы орташа табысы бар тұрғындар  және балабақша ұжымы  болып табылады.***

***Цех шығаратын негізгі өнімдер мыналар болып табылады:***

***- Қалыпқа келтірілген пастеризацияланған сүт (3,2%);***

***- Қаймақ ;***

***-балқаймақ***

***Өндірістік цех жалпы алаңы 10 шаршы метр орын-жайда орналасатын болады.***

***Осы бизнес-жоспарда жоспарланған кәсіпорынның айналымын ескере отырып қызметті жауапкершілігі шектеулі серіктестік шеңберінде жүзеге асыру  ұсынылады.***

# Өндірістер бағдарламасы

## - Өндірістің жылдар бойынша жоспарланған бағдарламасы

| *Көрсеткіш,л.* | *2 015* | *2 016* | *2017 - 2018* |
|---|---|---|---|
| *Сүтті қайта өңдеу көлемі* | *200* | *400* | *1000* |
| *Қаймақ (30%)* | *10* | *20* | *50* |
| *Балқаймақ (30%)* | *10* | *20* | *50* |



*Сату бағдарламасы жасалған келісімшарттар жолымен, маркетингтік зерттеулер, сондай-ақ жарнамалық акциялар арқылы жүзеге асырылатын болады.*

*Өнімінің бәсекелестік, құны мыналардан құралады:*

*- барынша төмен өзіндік құннан, бұл бәсекелестік бағаны белгілеуге мүмкіндік береді;*

*- табиғи шикізаттан ( (ауыстыратындардың болмауы) санынан.*

*Сату бағдарламасын есептеген кезде инфляция назарға алынған жоқ, өйткені инфляцияға байланысты бағаның көтерілуі кәсіпорын қызметтері бағасының ұлғаюына әсер ететін болады.*

*Шикізаттың бағасы маусымға байланысты болады, қыста – барынша жоғары, жазда – барынша төмен. Қатты ірімшікке маусымдық ауытқулар қарастырылған. Қалған өнімдердің бағасы бір деңгейде жоспарланған*

***Ұйымдастыру, басқару және құрам***

*Бұл бизнес жоспардың құрудағы ең бірінші мақсат халықты жұмыспен қамтамасыз ету.*

*Кәсіпорынға директор жалпы басшылық жасайды. Өндіріс бастығы өндірістік құрамның (технолог, электрик, слесарь,) жұмысын бақылайды.*

*Кәсіпорынның ұйымдастыру құрылымы төменде келтірілген түрлерден тұрады*

## ***Ұйымдастыру құрылымы***



*Құрамды басқарудың келтіріліп отырған құрылымын желілік құрылымға жатқызуға болады. Ол директорға кәсіпорынның жұмысын жедел басқаруға және оқиғалардан үнемі хабардар болуына мүмкіндік береді.*
***Кәсіпорын мамандары – өндіріс меңгерушісі, бухгалтер, операторлар. Қызмет көрсетуші құрамға: жүргізушіні, жұмысшыларды, еден жуушыны, күзетшіні, шаруашылық меңгерушісін жатқызуға болады***

| № | Лауазымы | Жалақы(мың тг) |
|---|---|---|
| 1. | Директор | 60000 |
| 2. | Бухгалтер | 50000 |
| 3. | Өндіріс меңгерушісі | 40000 |
| 4. | Операторлар | 40000 |
| 5. | жүргізуші | 30000 |
| 6. | Шаруашылық меңгерушісі | 30000 |
| 7. | Еден жуушы | 25000 |
| 8. | Күзетші | 25000 |
| | Жалпы суммасы | 300000 |

***Жобаны іске асыру***

***Іске асыру жоспары***

*Осы жобаның іске асуы 2015 жылдың март айынан бастап осы жылдың қазан айына дейінгі кезеңді алатын болады деп болжануда.*

***- Жобаны іске асырудың күнтізбелік жоспары***

| ***Іс-шаралар\Ай***  | ***2 015*** | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ***1*** | ***2*** | ***3*** | ***4*** | ***5*** | ***6*** | ***7*** |
| *Маркетингтік зерттеу жүргізу және ТЭН әзірлеу* |  | | | | | | |
| *Қаржыландыру мәселесін шешу* | |  | | | | | |
| *Несие алу* | | |  | | | | |
| *Орын-жайды жалдау* | | | |  | | | |
| *Жабдықты жеткізу құрастыру* | | | | |  | | |
| *Жарнаманы орналастыру* | | | | | |  | |
| *Жұмыстың басталуы* | | | | | | |  |

# 2015 жылға арналған шығындар

| № | Атауы | Сомасы,мың теңге(1 ай) | 2015ж (1 жыл) |
|---|---|---|---|
| 1. | Өндіріс цехы (Ғимарат) | 5000 | 60000 |
| 2. | Сүт таситын машина | 30000 | 360000 |
| 3. | Сүт құятын ыдыстар | 3000 | 3000 |
| 4. | Ж5-ОСБ кілегей алынатын сеператор, өндіріс. 500 л/с | 40000 | 40000 |
| 5. | Электронды штрих - шағын таразысы<br><br>6кг | 10000 | 10000 |
| 6. | Таңазытқыш | 40000 | 40000 |
| 7. | Электр энергиясы | 3000 | 36000 |
| 8. | Сумен жабдықтау | 1000 | 12000 |
| 9. | Сүт(1л-70теңге) | 14000 | 168000 |
| 10. | Еңбек ақы | 340000 | 4080000 |
| 11. | Басқа да көлденең шығыстар | 5000 | 60000 |

***Табыс:***

*Қаймақ литрі –800теңге, тәулігіне Сіз 10 литрге дейін сата аласыз х 800 теңге = 8000 теңге , сонда айына  8 000 теңге х 26 күнге =208 000 теңге.*

*1 литр балқаймақ– 1000 теңге, яғни 10 литр х 100 0теңге = 10 000 теңге күніне, ал айына 26 күнге х 10 000 теңге = 260000теңге .*

*Тартылған сүттен қайтадан қайнату арқылы айран жасап 1 литрді 150 теңге сатамыз .100л айран алып х150=15000 теңге,15000х26күнге=390000*

*Бір айда  түсетін  жалпы өнім 208000+260000+390000=858 000 теңге.Ал бір жылда 858000х12=10296000теңге .*

*Қорытынды:Болашақта «Берекені көктен тілеме,еткен еңбектен тіле!»деп Абай атамыз айтқандайдай осы жеткен табысымыз арқылы бизнесті одан әрі кеңейтіп ,өнім түрлерін көбейтеміз .*

*Біз алар асу әлі алда деп бүгінгі жұмысымызды қорытындылаймыз.*



# Назарларыңызға көп рахмет!